**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»**

**мемлекеттік мекемесінің «Мөлдір бұлдір» мектепке дейінгі ұйымы»**

**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында өзін-өзі аттестаттаудан өткізілуі туралы**

## АНЫҚТАМА

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемелекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

**Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:**



1) Мекеменің атауы:«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Мөлдір бұлақ» мектепке дейінгі ұйымы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Пайдалануға берілген жылы: 2009 жылы «10» сәуір айында Әйтеке би ауданы әкімдігінің 10.04.2009 жылғы №182 қаулысымен құрылды. Сыйымдылығы 25 орын.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Тұмабұлақ ауылы, Бейбітшілік көшесі 10 үй.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 871347-28-0-00,электронды поштасы moldirbulak2020@mail.ru

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Булекеева Мерейгул Болатбековна, 2011 жылы 12 тамыз №109 Әйтеке би аудандық білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Әйтеке би аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімімен 12.01.2021 жылы берілген, БСН-080240008640, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 11.08.2008 жыл.

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**

**1)**Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Мөлдір бұлақ» мектепке дейінгі ұйымында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымында аптасына 5 күндік жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі ұйымның сыйымдылығы 25 орын. 1 топ. Қазіргі таңда 25 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады.

**Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы**

«Мөлдір бұлақ» мектепке дейінгі ұйымында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Мектепке дейінгі ұйымның дене тәрбиесі мен музыка залы біріктірілген, сондай-ақ меңгеруші, медициналық кабинет талапқа сай жабдықталған.

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, музыка орталығымен топ жабдықталған. Балабақшада 2 компьютер, 1 принтер, 2 сканер, 2 ксерокөшірме. Топтар стол, отырғыш, кереует, шкафтармен толық жабдықталған. Топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топта ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық балаға жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай.

Жеке тұлғаны дамыту орталығы:

- ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;

- жапсыру, сурет, құрастыру іс -әрекеттеріне қажетті құралдар;
- Топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлі театрлар дайындалған. МДҰ- да және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 400 теңге

**Кадрлар әлеуетіне талдау**

Қазіргі уақытта «Мөлдір бұлақ» МДҰ-да барлығы 5 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

**2021-2022** оқу жылында барлығы 5 педагог жұмыс жасайды.
Оның ішінде жоғары білімдісі – 3 педагог
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 5
Екінші санатты: - 0
Санаты жоқ: - 4
Педагог-мадератор -1
Біліктілік курсынан өткен педагогтар: «Өрлеу» - 5 педагог
Басқа курстар-1

**Педагогтардың білімі туралы мәлімет**

| Оқу жылдары | Барлық педагог тар | Жоғары пед.білім | Мектепке дейінгі арнаулы орта білім | Арнаулы орта білім | Педагогикалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 5 | 3 (60%) | 2 (40%) | - | - |

**Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Жоғары | Бірінші | Екінші | Санаты жоқ | Педагог-мадератор |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 5 | 0 | 0 | 0 | 4 | 1 |

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдісетемелік әдебиеттерді оқу, аудандық және облыстық

семинарларға қатысу, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰОҚ-ін жариялау.

«Мөлдір бұлақ» мектепке дейінгі ұйымында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары,біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулармен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие.

«Мөлдір бұлақ» мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес оқу жылы барысында 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі –жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі ұйымда әр жылға оқу- тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

**Оқу-әдістемелік жұмыстар**

Мектепке дейінгі ұйымның алға қойған мақсаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс-әрекет түрінде дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға койған:

- Балалардың ата-аналармен педагогтардың өз ара қарым қатынасында оңды эмоциялық орта жасау;
- Танымдық зерттеу және құрылымдық іс әрекет арқылы балалардың шығармашылық және тілдік қабілеттерің дамыту;
- Балалардың денсаулығының дамуына қолдау көрсету және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Мектепке дейінгі балаларды өнегелілікке тәрбиелеу арқылы жан-жақты және үйлесімді дамыту;

Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

**2021-2022** оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі

ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде,«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығы,«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

**2021-2022** оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

**Кіші топ**: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

**Ортаңғы топ**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы– 396 сағат, Вариативтік компонент 1 сағат: «Әдепті бала» - 36 сағат,

**Ересек топ**: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы – 432 сағат, Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Көркем қол өнер» - 36 сағат, 2) «Сөйле балдырған» - 36 сағат. Тәрбиеші Жамиева Назерке Қартбайқызы «Балапан» ересек тобында «Шығармашылық» білім беру саласы сурет бөлімі бойынша «Шана» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалы ұсынылды. Тәрбиеші Абдилдина Гулнур Курмановна «Қарлығаш» ортаңғы тобында «Таным» білім беру саласы құрастыру бөлімі бойынша «Аққала» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалы ұсынылды. Музыка жетекшісі Бирманова Балауса Оспанқызы «Қарлығаш» ортаңғы тобында «Шығармашылық» білім беру саласы музыка бөлімі бойынша «Бесік жыры» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалы ұсынылды. Орыс тілі мұғалімі Бирманова Балауса Оспанқызы «Қарлығаш» ортаңғы тобында «Қатынас» білім беру саласы орыс тілі бөлімі бойынша «Части тела» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалы ұсынылды. Тәрбиеші Абдилдина Гулнур Курмановна «Ботақан» кіші тобында «Денсаулық» білім беру саласы дене шынықтыру бөлімі бойынша «Жүгіріп өту» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалы ұсынылды.

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі ұйым әдіскері, педагогтары мен психологы педагогтардың білімдері мен тәжірибелерін шыңдау мақсатында әр түрлі жұмыс түрлерін өткізуде. Олар: мектепке дейінгі ұйымның психологы Б.А.Битимованың ұйымдастыруымен өткен «Баланың психологиялық дамуына отбасының ықпалы» дәріс сұхбаты, әдіскер Г.Абдилдинаның «Балаларға арналған жаңартылған дамытушы ойындар» педагогтармен семинары, «Дарынды саусақтар» тақырыбында тәрбиеші Б.Бирманова көрме ұйымдастырып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: «Білім күні» көңілді сағаты, «Алтын күз» ертеңгілігі, «Күз тамаша» көрмесі, «Үйдегі және балабақшадағы,көшедегі қауіпсіздік ережелері» ұйымдастырылған оқу қызыметі, «Жол тәртібін білейік аман есен жүрейік» көңілді сағаты сияқты балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған тақырыптық сағаттар. «Тұғыры биік Елбасы!», «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім!», «Қош келдің, жаңа жыл!»,«Ардақтайық ананы!», «Қош келдің,Наурыз!»,«Достық мерекесі!», «Отан қорғаушылар», «Желбірейді жеңіс туы!»,«Балабақшам менің мақтанышым-2022» мерекелік шаралары мен ертеңгіліктері. Аталған мерекелерге сәйкес мектепке дейінгі ұйымда ата-аналардың қатысуымен көрмелер ұйымдастырылады.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап,профилактикалық шаралар өткізіледі. Психологиялық кеңестер,тренингтер арқылы ата-анамен жұмыстар жүргізілді.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері баламен жұмыс жасау барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келеді. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі,ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу, қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып,сөздік қорларын молайтуда жаттығулар кеңінен қолданылады. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері: «Алақан», «Саусақпен салу әдісі», «Бастыру», «Құммен сурет салу», т.б. әдістерді қолдануда.

Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру-шынықтыру, эстетикалық, сөйлеу, ақыл-ой, танымдық дамуының белгілі жағдайлары жасалған.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған.Бұл іс-шаралар оқу–тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған. Театр түрлерін қолдану, балалардың логикалық қабілетін дамыту іс–әрекеттерінде инновациялық технологияларын ендіру және жетілдіру, тыңдау

қабілетін, сөзді дыбыстық талдау машықтары, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын жетілдіру, балаларды әңгімелеуге үйрету, отбасымен байланыс жасау, сауықтыру-шынықтыру іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру сұрақтарын көп назар аударылады.

**Балалардың білімін бағалау**

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 2 жастан 5 жасқа дей балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылы бойынша жүргізілген.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша:

| № | Аралық бақылау деңгейі | 2021-2022 оқу жылы |
|---|---|---|
| 1 | I деңгей | 36 % |
| 2 | II деңгей | 32% |
| 3 | III деңгей | 32 % |

**«Мөлдір бұлақ» МДҰ-ның меңгерушісі: Булекеева М.Б**